Әділет

# Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспарының өлшемдері туралы және шикізат тауарларына тұрақты әлемдік есептік бағалар туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 19 наурыз N 368. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001.09.13. N 1197 қаулысымен. ~P011197

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңының Z990357_ 2-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының кейбір мәселелері туралы" 2001 жылғы 29 қаңтардағы N 543 U010543_ Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1 және 2-қосымшаларға сәйкес әлеуметтік-экономикалық дамудың 2002-2004 жылдарға арналған индикативтік жоспарының өлшемдері (бұдан әрі - индикативтік жоспардың өлшемдері) және шикізат тауарларына тұрақты әлемдік есептік бағалар мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі басқа орталық атқарушы органдармен бірлесіп:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2001-2005 жылдарға арналған индикативтік жоспары жобасының құрамына, республикалық және жергілікті бюджеттердің әзірленуі мен бекітілуі кезінде олардың негізінде қазақстандық тауар өндірушілердің шикізат тауарларын сатуының орташа бағасы және шикізат секторынан түсетін мемлекеттік бюджеттің оларға тиесі кірістері есептелетін, қазақстандық экспорттың елеулі үлесін құрайтын шикізат тауарларына тұрақты әлемдік есептік бағалар бойынша көрсеткіштер енгізілсін;

2) индикативтік жоспар өлшемдерінің мониторингін жүзеге асыруды қамтамасыз етсін, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметін тоқсан сайын хабардар етсін және қажет болған жағдайда белгіленген тәртіппен нақтылауларды енгізсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары О.Ә. Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 19 наурыздағы
N 368 қаулысына
1-қосымша

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.06.09. N 784 қаулысымен.

P010784_

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2002-2004 жылдарға арналған индикативтік жоспарының өлшемдері

| | 2000 ж. есеп | 2001 ж. бағалау | Болжам 2002 ж. | Болжам 2003 ж. | Болжам 2004 ж. |
|---|---|---|---|---|---|
| ЖІӨ, млрд. теңге | 2 596,0 | 2957,0 | 3230,2 | 3473,2 | 3704,0 |
| алдындағы жылға, % | 109,6 | 107,0 | 104,9 | 104,2 | 103,6 |
| Тұтыну бағалары индексі, % есебімен | | | | | |
| жыл аяғына | 109,8 | 106,8 | 106,5 | 105,9 | 105,8 |
| бір жылға орташа | 113,2 | 109,0 | 105,9 | 106,3 | 105,9 |
| Теңгенің АҚШ долларына бағамы | | | | | |
| жыл аяғына | 145,4 | 150,5 | 157,7 | 164,4 | 168,9 |
| бір жылға орташа | 142,4 | 148,0 | 154,1 | 161,1 | 166,6 |
| Өнеркәсіп өнімі көлемі, алдындағы жылға, % | 114,6 | 109,2 | 106,4 | 105,9 | 103,0 |
| Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі, алдындағы жылға, % | 96,7 | 100,8 | 102,8 | 102,9 | 103,0 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Негізгі капиталға инвестициялар, алдындағы жылға, % | 129,4 | 124,0 | 120,0 | 118,0 | 112,0 |
| Мембюджетке түсімдер, ЖІӨ-ге % | 23,1 | 23,9 | 21,7 | 21,8 | 21,1 |
| Кірістер, ЖІӨ-ге % есебімен | 22,6 | 23,5 | 21,3 | 21,4 | 20,7 |
| Салық түсімдері, ЖІӨ-ге, % | 20,2 | 21,0 | 19,4 | 19,6 | 19,0 |
| соның ішінде: | | | | | |
| Ұлттық қорға түсімдер, ЖІӨ-ге % | - | 2,7 | 0,6 | 0,7 | - |
| Салықтық емес түсімдер, ЖІӨ-ге, % | 1,5 | 1,7 | 1,3 | 1,3 | 1,3 |
| Капиталмен операциялардан кірістер, ЖІӨ-ге % есебімен | 0,9 | 0,8 | 0,6 | 0,5 | 0,4 |
| Экспорт, млн. АҚШ доллары | 9615,0 | 9740,0 | 9440,0 | 9360,0 | 9720,0 |
| Импорт, млн. АҚШ доллары | 6849,8 | 7 590,0 | 8 730,0 | 9 000,0 | 9 405,0 |
| Мұнайдың әлемдік бағасы (Brent қоспасы) барреліне АҚШ доллары | 28,2 | 25,0 | 21,5 | 20,0 | 19,0 |
| Мұнайдың әлемдік бағасы (Urals қоспасы) барреліне АҚШ доллары | 26,0 | 23,4 | 20,0 | 18,5 | 18,2 |

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 19 наурыздағы
N 368 қаулысына
2-қосымша

Шикізат тауарларына тұрақты әлемдік есептік бағалары

| Тауардың атауы | 2000 жылы экспорт құрылымындағы мен. шікті салмағы (%) | Өлшем бірлігі | Есептілік: 1999 жыл | Есептілік: 2000 жыл | 2001-2005 жылдарға арналған тұрақты әлемдік есептік бағалар |
|---|---|---|---|---|---|
| Мұнай | 44,3 | тоннасына/ | 86,2 | 153,4 | 140 |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | АҚШ долл. | | | |
| Газ конденсаты | 5 | тоннасына/ АҚШ долл. | 41,4 | 102,6 | 90 |
| Тазартылған мыс | 7,3 | тоннасына/ АҚШ долл. | 1 479,3 | 1 700,2 | 1 660 |
| Өңделмеген мырыш | 2,2 | тоннасына/ АҚШ долл. | 787,2 | 853,7 | 870 |
| Тазартылған қорғасын | 0,7 | тоннасына/ АҚШ долл. | 440 | 414,2 | 397 |
| Хромды рудалар мен концентраттар | 0,2 | тоннасына/ АҚШ долл. | 36,4 | 38,5 | 35 |

---

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК